

kaspersky

қолдауымен

юнисеф 
әрбір бала үшін

Балалардың желідегі қауіпсіздігі

ата-аналарға арналған қысқаша нұсқаулық



Баланың алғашқы гаджетін қалай баптаймыз

Қазақстандағы «Касперский зертханасының» зерттеулеріне сәйкес, баланың алғашқы гаджеті бастауыш мектепте пайда болады, респонденттердің 61% осылай жауап берді. Ал әр оныншы бала өзінің алғаш гаджетін қолына 5 жасында алады, демек мектепке барғанға дейін. Осы жағдай қандай жаста болмасын, қауіпсіздік мәселесіне көңіл бөліп, өзіңізді және балаңызды дұрыс дайындаған маңызды.

- **Құрылғыда балалар есептік жазбасын жасаңыз.** Кез келген смартфон және планшет қорғалуы және иесінің жасына сай бапталуы тиіс.
- **Ең қажетті қосымшаларды орнатыңыз.** Орналасқан жерін анықтауға арналған (мысалы, онлайн карталар), сондай-ақ оқытуға арналған қосымшаларды орнатыңыз. Орнатылған әр қосымша үшін **құпиялылық параметрлерін баптауды ұмытпаңыз.**

- **Ата-ана бақылауына арналған қосымшаны орнатуды ұмытпаңыз.** Оның көмегімен жағымсыз контентті бұғаттап, баланың қандай да бір қосымшаны пайдаланған уақытын (қажеттілік болса оны шектеп), сондай –ақ балаңыз қайда екенін үнемі біліп отыра аласыз.

Кеңес!

Балаңызбен бірге барлық отбасы мүшелері ұстанатын гаджеттерді пайдалану ережелерін ойлап табыңыз. Ережелерді талқылағанда баланың өмірінде жаңа құрылғының пайда болуына байланысты жауапкершіліктер мен күтілетін жайттар туралы өзара түсіністік пен келісімге келу маңызды. Цифрлық және шынайы өмір арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті табу үшін гаджеттерді пайдаланбайтын жерлер мен уақытты белгілеп алыңыз, мысалы, тамақ ішу кезінде немесе ұйықтар алдында. Оқу, белсенді ойындар немесе басқатырғыштар сияқты техникаға байланысты емес іс-әрекеттерге уақыт бөліңіздер – бұл цифрлық қызығушылыққа тамаша балама. Балаңыз есейген сайын және технология дамыған сайын осы ережелерді қайта қарап, реттеп отырыңыз.



Баланың жаңа құрылғымен өмірін қалай ұйымдастыру қажет және киберқауіпсіздік ережелері туралы қалай айтып береміз?

Көптеген ата-аналарды дисциплина мәселесі толғандырады, бала өзінің бос уақытын қалай пайдаланады, академиялық немесе спорттық белсенділіктерді өткізіп алмайды ма, интернетке тым көп уақытын жұмсамайды ма деген сияқты. Баламен бірге ойлап табылған қағидалар көмекке келеді.

- **Бірінші кезекте** балаға ұялы телефонның негізгі функцияларын көрсетіңіз. Мысалы, балаға телефонды қалай қосу, өшіру, ұялы интернетпен қалай қолдану керек екенін және қауіпсіз Wi-Fi-ға қосылу мен байланыс немірлерін жазып сақтауды көрсетіңіз.

- **Жеке ақпарат деген не екенін** және интернетте жеке деректерді көп жариялай беруге болмайтындығы туралы **айтып беріңіз**. Мысалы: қайда тұратынын немесе қазір қай жерде екенін, қай мектепте оқитынын, есептік деректері мен құпия сөздерді.

- **Әуел бастан баланың цифрлық тәжірибесін ашық және байыппен талқылаңыз**. Сізбен жақсы да жаман әсерлерімен бөлісе алатынын білген жағдайда, бала өзін қауіпсіз сезіне алады.

- **Жеке өзі танымайтын адамдардан дос болу туралы сұраныстар бағалануы және мейілінше қабылданбағаны жөн екенін түсіндіріңіз**. Балалар келесіні анық түсіну керек: егер желіде бейтаныс адам баланың өзі немесе ата-анасы туралы ақпаратты барынша білуге тырысса, бұл кемінде алаңдататын жайт.

- **Цифрлық әлемнің соңғы үрдістері мен қауіптерінен хабардар болыңыз** және ол туралы балаға түсінікті етіп айтып беріңіз. Интернетте неғұрлым көбірек ақпарат іздеңіз, мысалы, кибербуллинг немесе цифрлық дағдылар туралы.

- **Әуесқойлығын қолдаңыз, бірақ қандай жағдай болмасын, мін тақпаңыз және қорқытпаңыз**. Егер балалармен олардың цифрлық тәжірибесін талқылап тұрсаңыз, өзіңіздің жеке тәжірибеңізбен бөліссеңіз, кеңестер берсеңіз және достық атмосферада ықтимал қауіптер туралы айтып отырсаңыз, осы жағдайда олар сізді одақтас көреді және интернетте күдікті бір нәрсеге кезіксе, көмекке сізге жүгінетін болады.

- **Балаға не жарияласа да сол ақпарат интернетте мәңгіге қалатынын** және оның келешегі мен мүмкіндіктеріне әсер етуі ықтимал екенін **түсіндіріңіз**.

Балаға қандай негізгі қауіптер туралы айту қажет?

Қазіргі киберқылмыскерлер балаларды өзіне құрбан етіп жиі таңдайды, себебі олар киберқауіпсіздіктің негізгі ережелерін білмейді және алаяқтарды тани алмайды. Біз, ересектер, келеңсіз жағдайлардың орын алуын күтпей, оларды интернет-қауіпсіздік негіздеріне үйретуіміз керек.

- Балаңызға жалған жарнаманы, жеке деректерді заңсыз жинау үшін пайдаланылатын алаяқтардың сауалнамаларын, лотереяға қатысу ұсыныстарын және басқа да схемаларды тануды **үйретіңіз**.

- Балаңызда желідегі барлық нәрсеге **сыни және сақтықпен қарауды**, күдікті сілтемені баспас бұрын, күмәнді электрондық пошта тіркемесін немесе бейтаныс адамның хабарламасын ашпас бұрын екі рет ойлануды өдетке **айналдырыңыз**.

- Балаларға бастысын жеткізу маңызды: **егер желіде оған бірдеңе ұнамаса немесе күдікті болып көрінсе**, өзі сенетін **ересек адамнан көмек сұрау керек**.

- **Балаңыздың гаджетіне қандай қолданбаларды жүктеуге рұқсат беретініңізді талқылаңыз**. Мысалы, сіз TikTok жүктеп алуға рұқсатты тек геолокация өшірулі және профиль жеке болған жағдайда ғана бере аласыз. Баланың қолайлығы үшін көптеген әлеуметтік желілер баланың оларға тіркеле алатын ең төменгі жасын белгілейтінін ескеріңіз.



Интернеттегі онлайн сатып алулар: қаржылық қауіпсіздік туралы қалай бастап айтуға болады?

«Электронды коммерция» санатындағы сайттар балалар ең жиі кіретін топ-5 интернет ресурстарға жатады. Бұған, мысалы, интернет-дүкендер кіреді. Ата-аналарды баланың желіде жұмсай алатын ақшасына қатысты мәселе алаңдатуы әбден мүмкін.

Балаларды электронды ақшаны дұрыс қолдануға үйрететін бірнеше ережелер келтіреміз:

- **Жалпы ақша не екенін** және электронды түрде ақша қандай болатынын **айтып беріңіз.**

- **Баланың картасына бірден үлкен сома салмаңыз,** одан да азғандай және тұрақты аударымдармен толықтырып отырыңыз.

- Ақша жұмсауға **шектеу қойыңыз.** Күніне балаңыз қанша ақша жұмсайтынын есептеңіз. Мысалы, жол ақысы немесе мектептегі түскі асты есептеу арқылы, қандай күндік шектеу белгілеу керектігін шешіңіз.

- Банк картасының деректері (нөмірі, иесінің аты-жөні, жарамдылық мерзімі мен әдетте картаның арғы бетінде жазылатын CVV/CVC-код) қатаң түрде құпия ақпарат болып табылатынын және оны ешкімге хабарлауға болмайтынын **айтыңыз.**

- Кафе, кинотеатр, көлік сияқты қоғамдық жерлердегі құпия сөзі жоқ Wi-Fi желілері арқылы онлайн-банкингке қосылу қауіпті екенін **айтып түсіндіріңіз.**

Лайфхак!

Баланың қаржыға дұрыс қарым-қатынасын қалыптастыру өте маңызды. Ата-аналар уақытара ақша қайдан келетінін, не үшін, қалай үнемдеу қажет екенін және баланың болашақ өмірінде қиындық тудыруы мүмкін мәселелерді түсіндіруі қажет. Бұны балаға қаржыны пайдаланудан бұрын түсіндіру керек.



Сайттарда және ойындарда онлайн сатып алу қағидалары

Интернетте ақша жұмсауға болатын площадкалар өте көп. Егер бала өз қаражатына иелік етсе, онда баламен бюджетті жоспарлау және онлайн сатып алуларды қауіпсіз жүргізу туралы сөйлесу жеткілікті болады. Онлайн дүкенде ата-ананың аккаунты қолжетімді болған жағдайда, бала жоспарланбаған және отбасылық бюджетте қарастырылмаған сатып алуларды жасауы мүмкін. Осы ретте, балаңызға келесі қауіпсіздік шараларын үйретіңіз:

- **Тартымды ұсыныстарға сенбеуді**, мысалы, егер палтформа күдікті көрінсе, бұрын сіз байқамаған көптеген жарнама (баннерлер) және көрнекі элементтер пайда болса, парақшаның мекен-жайы шынайы парақшадан сәл өзгешелеу болса, ол туралы ескертсе және сізді барлығы дұрыс екеніне, солай болуы тиіс екеніне сендіргісі келсе. Онда сіз фишингтік сайтқа топ болуыңыз әбден мүмкін.

- **Ешкімге** де банк картасының деректерін **хабарламау** және смс пен push-хабарландырулардағы верификациялық құпия сөздерді айтпау.

- Хабарландырудағы **сыртқы сілтемелер бойынша өтпеу**.

- Өлі алмаған тауар үшін **алдын ала төлем жасамау**.

Ойын әлемінде де онлайн сатып алу мүмкіндігі бар.

Ойындардың көбінде, тіпті тегін ойындардың өзінде ішкі сатып алулар болады. Қосымша опциялар үшін, мысалы, ойын құралдары, ойын кеіпкерлердің сырт келбеті, ішкі қорлар үшін виртуалды емес ақшамен есептесуге тура келеді. Бұл туралы да баламен жиі сөйлесіп тұрып, барлығын қатарынан сатып алудың қажеті жоқ екенін және виртуалдық әлемдегі қандай да бір сатып алулар қаншалықты қажет екенін талқылау керек.

- **Құрылғыдан ондай сатып алулар жасау мүмкіндігін шектеңіз және банк картасын ойын аккаунтына байламаңыз, кемінде бала өз бетінше және саналы түрде ақшалай қаражатты пайдалануды үйренгенге дейін.**

- Егер бала сіздің рұқсатыңызсыз сатып алған болса, банкке жүгіну арқылы **транзакцияны жойып көріңіз**, ойынды жасаушыларға хабарласып, көмелетке толмаған бала ата-анасының қатысуынсыз **және рұқсатысыз төлегенін түсіндіріңіз**.

Балаңызға желідегі алаяқтық схемалар туралы айтып беріңіз

Алаяқтық схемалардың көбі бірінші жыл қолданылып жатқан жоқ және жалпыға мәлім. Балаға өзін қалай қорғау қажет екенін және алаяқтардың әрекеттеріне ұқсайтын кез келген күдікті хабарламаны немесе орын алған жағдайда келесі алгоритмдерге сәйкестендіріп көруге болатынын үйретіңіз:

- Егер қате аударым жасалғаны және аударылған ақшаны қайтару туралы хабарлама келсе, **ешқандай әрекет жасамау қажет**, тіпті ондай хабарлама баланың телефонындағы байланыстар тізімінен **келген болса да**.

- Егер хабарламада, тіпті танысыңыздан келген хабарлама болса да, шұғыл көмек сұралса, мысалы ақша аудар деп, үнемі алғашқы ақпарат көзінен ақпаратты тексеріп алу қажет, ол үшін **пайдаланушыға қоңырау шалу қажет**.

- Егер онлайн-банктен банкоматтан ақша шешіліп алғаны туралы хабарлама немесе push-хабарлама келсе, **ол жөнінде дереу ата-анаға хабарлау қажет**.

- Егер қандай да бір әрекетті дереу орындауды өтінсе немесе ойлануға аз ғана уақыт берсе, ол **алаяқтардың құрығы** болуы әбден ықтимал.



Ата-ана бақылауы – цифрлық әлемде балаларды қорғауға арналған таптырмайтын көмекші

Ата-ана бақылауын пайдалану – балаларыңыздың желідегі әрекеттерін қадағалаудың және олардың жағымсыз сайттар мен мазмұнға кіруіне жол бермеудің оңай, бірақ сенімді жолы. Мұндай қосымша арқылы сіз балаларыңыздың өз қорғауыңызда екеніне сенімді боласыз.

Ата-ана бақылауы функцияларының ішінде келесілерді атап өтуге болады:

- **Құрылғыны пайдалану уақытын қадағалау.** Бұл функция цифрлық әлем мен шынайы өмірдің арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтау үшін гаджетті пайдаланушының кестесін реттеуге мүмкіндік береді.
- **Балаларды жағымсыз контенттен қорғау.** Сүзгі және бұғаттау функциялары ересектерге арналған сайттарға және жас балаға сәйкес келмейтін басқа да контентке кезігу қауіпін алдын алады.
- Желіден тыс қорғаныс. **GPS арқылы баланың орналасқан жерін қадағалап отырыңыз** және балаға шегінен тыс шығып кетуге тыйым салынатын **қауіпсіз периметрді картада баптаңыз.**
- **Құрылғының қуаты азайғаны жөнінде хабарламалар.** Бұл функция баламен байланысты жоғалтпауға көмектеседі.

Кеңес!

Баланың желідегі іс-әрекетінің ата-аналық бақылау деңгейі бала есейген сайын өзгереді. Жасөспірімдік шақта бақылау ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасқа негізделген бақылауға айналады. Өзіңіз жаттығу арқылы интернеттегі жағымды әрекетті ынталандырыңыз.



Қысқаша жазбалар үшін



kaspersky

қолдауымен

юнисеф 
әрбір бала үшін



ЮНИСЕФ қандай да бір компанияны, брендті, өнімді немесе қызметті ілгері жылжытпайды.